



№1 педагогикалық кеңестің
шешімімен бекітілді:
КМҚК №33 «Көркемай»
Бөбекжай-бақша директоры:
Конаева Г. К.

**№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасының 2020-2021 оқу жылындағы ересектер
тобының балаларына арналған вариативтік компонент «Алтын асық» бойынша оқу жоспары.**

Ересектер топ балаларына арналған «Алтын асық» ойындары (2020-2021 ж)

Тақырыбы	Мерзімі	Мазмұны, мақсаты	Көрнекі құралдар
1. Асық-ойын құралы.	Қыркүйек 1-2 апта	Балаларды ұлттық ойын құралы - асықпен таныстыру. Оның мал сүйегінен алынатынын, асық ойындарының көптүрлілігі туралы түсіндіру.	Асықтар
2. «Кім тез жинайды?»	Қыркүйек 3-4 апта	Қолдың ұсақ моторикасын нығайту және дамыту. Асықтарды пішініне, түсіне және материалына қарай айыра білу. Табандылыққа, шыдамдылыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	Әртүрлі түсті асықтар және түрлі-түсті жіптер
3. «Өсу және кему бағытымен жинайық»	Қазан 1-2 апта	Асықты көлемі бойынша жинақтауға, ажыратуға үйрету. Балаларды байқампаздыққа, ептілікке баулу.	Мұнара діңгектері, әртүрлі асықтар
4. «Мұнара құрастыру»	Қазан 3-4 апта	Түстері бойынша мұнараға жинастыру, ойын арқылы танымдық қызығушылықтарын дамыту.	Түрлі – түсті асықтар мен мұнара діңгектері
5. «Үлкен және кіші»	Қараша 1-2 апта	Көлемдері бойынша ажыратуға, үлкен және кіші затты бөлек жинастыра отырып тапсырманы орындауға қызығушылықтарын ояту.	Үлкен және кіші асықтар
6. «Дәл осындай пішінді тап»	Қараша 3-4 апта	Геометриялық пішіндерді ажырата алуға, оларды топтастыра жинақтауға үйрету	Әртүрлі пішіндер жапсырылған асықтар
7. «Көп-біреу»	Желтоқсан 1-2 апта	Көп және біреу танымын қалыптастыру. Ойлау қабілетін жетілдіру, заттарды топтастыра білуге үйрету..	Әртүрлі асықтар
8. «Кеңістікті бағдарлау»	Желтоқсан 3-4 апта	Балаларды кеңістікте орналасқан заттардың орнын анықтауға үйрету: оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде т.б.; байқампаздық, есте сақтау қабілеті, сөздік қорын және сөйлеуді дамыту.	Кеңістік тақтасы және асықтар
9. «Өз түсінді»	Қаңтар	Балалардың түр-түс жайлы білетіндерін, бірдей, жұп	Әртүсті асықтар

тауып ал»	1-2 апта	сөздері туралы түсініктерін дамыту; байқампаздыққа, сөзге жылдам әрекет жасауға үйрету.	
10.«Жоғалған асықтар»	Қаңтар 3-4 апта	Балаларды құмның қасиетімен таныстыру. Олардың саусақ моторикасын, қозғалу координатын дамыту.	Құм салынған ыдыс және асықтар
11.«Жамауды тап»	Ақпан 1-2 апта	Балалардың түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру, нақтылап атай білу қаблеттерін дамыту.	Ойыншықтар орналасқан тақта және асықтар
12.«Асықтар дәл осындай, Келсін маған жақындай»	Ақпан 3-4 апта	Балаларды түстері бірдей ұқсас асықтарды табуға үйрету, сөйлеу қабілетін дамыту, тыңдай білуге тәрбиелеу.	Әртүрлі асықтар
13.«Кім тез құрастырады?»	Наурыз 1-2 апта	Балаларды асықтан пирамиданы дұрыс құрастыруға үйрету, яғни алдымен үлкен асықты, кейін одан кішірегін, ең кішкентайын таңдап жинақтау; олардың көлемін атауды үйрету (үлкен, кішірек, кіп-кішкентай, өте кішкентай).	Әртүрлі көлемдегі асықтар мен мұнара дінгегі
14.«Асықты кім тез жинайды?»	Наурыз 3-4 апта	Матадан тігілген шеңберге асықтарды түстеріне қарай орналастыру.	Әртүрлі түсті матадан шеңбер, асықтар
15.«Бес тас» ойыны	Сәуір 1-2 апта	Қол икемділігін дамыту, шапшаңдыққа үйрету. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу.	Әртүрлі түсті асықтар
16.«Ұзын-қысқа жолдар»	Сәуір 3-4 апта	Балаларды ұзын-қысқа ұғымдарымен таныстыру, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	Ұзын-қысқа жолақшалар, асықтар
17.«Сиқырлы қапшық»	Мамыр 1-2 апта	Балаларды заттарды ерекше белгілеріне сәйкес танып-білуге үйрету. Қатты-жұмсақ ұғымдарын меңгерту.	Қапшық, әртүрлі ұсақ ойыншықтар мен асықтар
18. «Бауларды байлау»	Мамыр 1-2 апта	Ұсақ қол моторикасын, саусақ қозғалысының, көз мөлшерінің дәлдігі, іс-әрекеттердің координациясын үйлестіру қабілеттерін дамыту.	Бәтеңке үлгісі және баулар